

## 2020 жылға жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 62 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 ақпанда № 7231 болып тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 7), 8) тармақшаларына сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2020 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. 2020 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Омаровқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы ауданының әкімі

М. Калдарбеков

Қармақшы ауданының әкімі 2020 жылғы 31 қаңтары № 62 қаулысына 1-қосымша

## 2020 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның мөлшері (п а й ы з) жұмыскерлердің тізімдік санынан	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	17	5,9	1
2	"Токен ата" шаруа қожалығы	10	10	1
3	"Ақай ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	15	6,6	1
4	"Самал" жеке кәсіпкері	10	10	1
5	Думан дара кәсіпкері	10	10	1

Қармақшы ауданының әкімі 2020 жылғы 31 қаңтары № 62 қаулысына 2-қосымша

## 2020 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның мөлшері (пайыз) жұмыскерлердің тізімдік санынан	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Қармақшы құрылыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	14	7,14	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК